



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ  
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА  
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

«Олимпиадалық спорт факультеті»

«КЕЛІСІЛДІ»

ОӘБ жөніндегі проректор  
Нұрмұханбетова Д.К.

ОС Деканы  
Саутов Р.Т.  
2023 ж.

08

«БЕКІТІЛДІ»

БББ жетекшісі  
«Анатомия, физиология және  
спорттық медицина»  
кафедрасының меңгерушісі  
Кисебаев Ж.С.

« 31 » 08 2023 ж.

**БВ01403- «Бейімдік дене шынықтыру және спорт»  
(31.08.2022 жылғы өзгерістер бойынша жаңарту)  
білім беру бағдарламасын дамыту мен тәуекелдерді  
басқарудың стратегиялық жоспары**

**Стратегиялық жоспарды әзірлеуге арналған негіздеме:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007.07.27 ж. № 319 ІІІ;
2. ҚР 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары. ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 жарлығы (26.02.2021 ж. ред., № 521);
3. ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МБС, ҚР ҒЖБ министрлігінің 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығы;
4. ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері;
5. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттары. ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы. 12.11.2021 ж. ред., № 561;
6. Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері. БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдады: 1993 жылғы 20 желтоқсандағы 48/96 қарар;
7. «Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру саласындағы принциптер, саясат және практикалық қызмет туралы Саламанка декларациясы және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жөніндегі іс-қимыл шеңбері», Саламанка, Испания, 1994ж.;
8. БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясы. БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдады: 2006 жылғы 13 желтоқсандағы 61 106 қарар;
9. «Қазақстан Республикасында бала құқықтарын қорғау туралы» 2002.08.08. N 345-ІІ Заңы;

- 10.«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі N343 Заң;
- 11.«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39-III ҚРЗ заңы;
- 12.Қазақ спорт және туризм академиясының 2020-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы, ҚазСТА ҒК 31.01.2020 ж. шешімімен бекітілген, № 6 хаттама.

### **Іске асырылу мерзімі - 2020-2025 жж.**

#### **Стратегияны іске асыру жөніндегі әлеуметтік әріптестер:**

«Тең мүмкіндіктер әлемі» мүгедек балалардың ата-аналар қоғамы» ҚБ, Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған «Алматы» спорт клубы» МКҚК, «Қазақстандық арнайы Олимпиада» ҚБ, «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған №2 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ.

**Мақсаты:** жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие, білім беру, түзету, оңалту, рекреациялық және спорт мекемелерінде оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шеше алатын бейімдік дене шынықтыру және спорт (БДШЖС) саласындағы білікті мамандарды жоғары кәсіби даярлауды қамтамасыз ететін үнемі дамып келе жатқан инновациялық білім беру ортасын құру.

#### **Міндеттері:**

- Бейімдік дене шынықтыру және спорт» жоғары білім беру бағдарламасы бойынша қызмет тұтынушыларының барлық топтарының нарығы мен талаптарын зерделеу.
- Білім беру бағдарламасын кәсіби стандарттарды және еңбек нарығының үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктерін ескере отырып, жаңғырту.
- Білім беру бағдарламасын іске асыруды және дамытуды қамтамасыз ететін кадрлық әлеуеттің сапалы өсуі.
- Оқыту технологияларындағы әлемдік үрдістер мен уақыттың сын-қатерлерін ескере отырып, оқу процесін жаңғырту.
- Өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі ұйымдастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының менеджментін дамыту.
- Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау кезінде білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік әріптестікті дамыту.

#### **Бағдарламаның негіздемесі**

БДШЖС БББ стратегиялық даму жоспары ҚР ҒЖЖБМ стратегиялық даму жоспарларына сәйкес ҚР «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңдары, сондай-ақ ҚазСТА-ның даму стратегиясы негізінде құрылады. Сонымен қатар, ол барлық стейкхолдерлердің БДШЖС саласында жоғары білікті мамандарды даярлау қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған, атап айтқанда, «Қазақстандық арнайы Олимпиада» ҚБ, ол бейімдеу спорты саласында мамандар даярлау ұсынысымен жүгінді.

2019 жылдың қазан айында Қазақ спорт және туризм академиясында РОӘК отырысы өткізілді, онда әртүрлі ұйымдардың өкілдері бейімдік дене шынықтыру мен спорттың проблемалары мен даму келешегіне және БДШЖС БББ әзірлеу және ашу бойынша ұсынымдарға арналған баяндамалар жасады.

Білім беру бағдарламасы жаңартылған орта білім беру және оңалту, бейімдік спорт түрлері бойынша спорт ұйымдары үшін бейімдік дене шынықтыру бойынша мұғалім мамандар мен жаттықтырушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық білім беру сапасын дамыту жөніндегі ұлттық басымдықтарға сәйкес ашық.

Білім беру бағдарламасын әзірлеу 6.1, 6.2 біліктілік деңгейіндегі «Педагог» кәсіби стандартының талаптарына және кәсіпқой және бұқаралық спорт қызметтері нарығында талап етілетін құзыреттерге негізделеді.

БДШЖС БББ сараптамалық бағасын «Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған «Алматы» спорт клубы» МКҚК директоры Н.Б. Сағымбаев; «Қазақстандық арнайы Олимпиада» ҚБ бас директоры О.С. Бахарева; «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған №2 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ директоры Б.А. Ермакова; академияның жастар ісі жөніндегі бөлімінің басшысы А.К. Әлібекова берді.

«Педагогикалық шеберлік орталығы» жеке мекемесінің филиалымен және «Surdo-Online» Қазақстан" ЖШС-мен ынтымақтастық туралы меморандумдар, «Қазақстандық арнайы Олимпиада» ҚБ және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-мен ынтымақтастық туралы шарттар жасалды және іске асырылуда.

### **Білім беру бағдарламасының негізгі тұтынушылары**

- бейімдік дене шынықтыру бойынша мұғалім мамандығының барлық деңгейдегі білім беру мекемелері, бейімдік спорт түрлері бойынша жаттықтырушылар;

- спорт ұйымдарын жаттықтырушы және нұсқаушы мамандармен қамтамасыз ету;

- бейімдік спортты басқару және дамыту мекемелерінің мамандары;

- мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт ғимараттарын басқару мамандары;

- ерекше қажеттіліктері бар адамдарды түзету, оңалту, рекреациялау және бейімдеу саласындағы денсаулық сақтау мекемелерінің мамандары;

- тьютор ретінде ерекше қажеттіліктері бар адамдармен олардың өмірінің әртүрлі салаларында (білім беру, еңбек, демалыс және т.б.) жұмыс жөніндегі мамандармен.

### **Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер**

**Оқу мерзімі:** жалпы орта білім беру базасында толық оқыту - 4 жыл, техникалық және кәсіптік білім базасында қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша (ұқсас бағдарламалар бойынша) - 3 жыл, жоғары білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша - 2 жыл.

**Берілетін дәреже:** ҚР жоғары білім беру МБС сәйкес бакалавр дәрежесі беріледі.



## Біліктілік деңгейлері

Білім деңгейі	Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес деңгей	Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес деңгей
Бакалавр	6	6

### Стратегияның күтілетін нәтижелері:

- Қазақстанның білімге негізделген жоғары технологиялық экономиканың өзгермелі жағдайларында кәсіби міндеттерді орындауға қабілетті креативті және сыни ойлауы бар дене шынықтыру мұғалімдері мен жоғары білікті жаттықтырушыларға деген қажеттілігін қанағаттандыру;

- оқуға түсуші талапкерлердің сапалық өсімі;

- түлектердің және олардың ата-аналарының 10 балдық шкаласы бойынша 9 балдық бағамен білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасына қанағаттануы;

- еңбек нарығында неғұрлым келешегі бар және сұранысқа ие мамандарды даярлау бойынша білім беру бағдарламаларының санын ұлғайту;

- бітіргеннен кейін 1 жылдан кешіктірмей жұмысқа орналастырылған күндізгі оқу нысаны түлектерінің үлесін ұлғайту;

- ғылыми дәрежелері мен спорттық атақтары бар оқытушылардың үлесін арттыру.

### БББ дамыту стратегиясын іске асыру жоспары

№	Даму кезеңдеріндегі іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты орындаушылар	Күтілетін нәтиже
<b>Еңбек нарығының қажеттіліктерін зерттеу және қанағаттандыру</b>				
1	Қазақстан мен Орталық Азияның еңбек нарықтары болжамдарының мониторингі. Кәсіптер атласына кіргізілген жаңартуларды зерттеу	Жыл сайын	Жұмысқа орналастыру жөніндегі ОӘБ маманы, даярлау бағыты бойынша БББ академиялық комитеті	БББ және траекторияларды әзірлеу үшін нарық қажеттіліктерін есептеу
2	Неғұрлым сұранысқа ие және перспективалы кәсіптер бойынша экономиканың мамандарға қажеттілігінің болжамдарын зерделеу	Жыл сайын	Даярлау бағыты бойынша БББ академиялық комитеті	Сұранысқа ие БББ әзірлеу, құзыреттерді түзету
3	Сұранысқа ие кәсіптердің ең өзекті құзыреттері бойынша жұмыс берушілермен сауалнама жүргізу	Жыл сайын	Декандар	БББ жаңарту үшін талап етілетін құзыреттер банкін қалыптастыру
<b>Оқу процесін іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларын жетілдіру</b>				
4	Кәсіптік стандарттардың, салалық қауымдастықтар мен	Оқу жылы басталғанға	Кафедра меңгерушілері,	Өзекті оқу материалдары,



	жұмыс берушілердің талап ететін құзыреттеріне сәйкес білім беру бағдарламасының оқу материалдарының мазмұнын жаңарту	дейін	ПОҚ	нақты бағытта оқыту
5	Оқытуға тәжірибеге бағдарланған әдістер мен технологияларды енгізу (ұйымдардағы кәсіби қызмет негізінде оқыту, тәлімгерлік)	2022 жылғы қыркүйектен бастап.	Кафедра меңгерушілері, ПОҚ	Жұмыс орнында практикалық дайындық жүргізу
6	Халықаралық тәжірибені ескере отырып, ағымдағы және аралық аттестаттау рәсімдерін енгізу	2023 ж.	Тіркеуші кеңсесі	Білімді бақылаудың жаңа әдістері
7	Оқу пәндері мен кәсіби модульдер бойынша ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау үшін бақылау-бағалау материалдарының жаңартылған комплекс құрастыру	2021-2024ж.	Тіркеуші кеңсесі, кафедралар	Бақылау материалдары банкі
8	Оқу процесінде оқытудың белсенді әдістерін, ақпараттық, модульдік, тұлғаға бағытталған және т. б. технологияларды қолдану бойынша тұрақты жұмыс істейтін әдістемелік семинарларды ұйымдастыру	Жыл сайын	ОӘБ (УМБ), ӘМК (ВВК), ТК (ОР)	Оқу процесіне оқыту мен бағалаудың инновациялық әдістемелерін енгізу
<b>Кадр ресурсын дамыту</b>				
9	ПОҚ-тың біліктілік деңгейінің белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету (конкурстық алмастыру, ПОҚ докторантурада оқуы)	Тұрақты	Персоналды басқару және іс қағаздарын жүргізу бөлімі, декандар, кафедра меңгерушілері	Біліктілік талаптарына сәйкестігі
10	Оқу сабақтарын өткізуге сыртқы білікті мамандарды тарту (ТОП менеджерлер, мектептердің тәжірибелі мұғалімдері, ЗТРК)	Тұрақты	Декандар, кафедра меңгерушілері	Оқу сабақтарының сапасын арттыру
11	Оқу процесіне озық әдістемелер мен технологияларды енгізумен айналысатын педагог қызметкерлерді ынталандыру жүйесін жетілдіру	2021 ж.	Академия басшылығы	ПОҚ-тың ынталандыру деңгейін арттыру
12	ПОҚ біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру	Жыл сайын	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және мансап бөлімі	ПОҚ құзыреттілігін арттыру
<b>Үздіксіз білім беруді дамыту</b>				
13	Дене шынықтыру және спорт	2021-22 оқу	Декандар, Жоғары	Қызмет

	саласындағы перспективалы және сұранысқа ие кәсіптер бойынша қосымша кәсіби бағдарламаларды әзірлеу және енгізу	жылынан бастап	оқу орнынан кейінгі білім және мансап бөлімі	тұтынушыларының нарығын кеңейту
14	АКТ арқылы ашық білім беруді дамыту (электрондық оқыту, қашықтықтан білім беру технологиялары), жаппай онлайн курстар және т.б.	2022-23 оқу жылынан бастап	Декандар, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және мансап бөлімі	Қызметті тұтынушылар нарығын кеңейту, қоғамның қажеттілігін қамтамасыз ету
<b>Стейкхолдерлерді біріктіру</b>				
15	Кәсіптік стандарттардың талаптарын, жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, негізгі білім беру бағдарламасын жаңарту	тұрақты	Декандар, даярлау бағыты бойынша БББ академиялық комитеті	ОП жаңарту
16	Білім беру бағдарламасының сыртқы мазмұндық сараптамасын ұйымдастыру	тұрақты	Декандар, даярлау бағыты бойынша БББ академиялық комитеті	Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасын әзірлеу сапасын айқындауға қатысуы, сапа кепілдігі
17	Түлектердің даярлығына бағалау жүргізу үшін жұмыс берушілердің өкілдерімен бірлесіп аттестаттау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру. Түлектерді ҰБТ тапсыруға дайындау: мектеп мұғалімдерінің кеңестері.	Жыл сайын	Декандар	Түлектерді қорытынды аттестаттаудан өткізу. Академия түлектерінің ҰБТ-дан өтуі
18	Әлеуметтік әріптестердің білім беру қызметтерін көрсету сапасына қанағаттану деңгейіне мониторинг жүргізу	Жыл сайын	Декандар, ӘМК (ВВК)	Жұмыс берушілердің білім беру қызметтерін ұсыну сапасына қанағаттануын талдау
<b>МТБ және ақпараттық ресурстарды дамыту</b>				
19	Жаңартуды ескере отырып, кітапхана қорын толықтыру	тұрақты	Кітапхана	Заманауи ақпараттық кітапхана базасы
20	Оқу аудиториялары мен арнайы кабинеттерді заманауи техникалық құралдармен және жабдықтармен жарақтандыру	2 жылда бір рет	ӘШБ	Заманауи жабдықтар
21	Электрондық қызмет түрлерін және құжат айналымын енгізу	2022-2023 оқу жылы	АТБ	Анықтамалар беру бойынша қызметтерді қашықтан көрсету және ішкі

				электрондық құжат айналымын жаңарту
<b>Кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру</b>				
22	Заманауи кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізу және мансапты дамыту мәселелері бойынша кеңес беру	Жыл сайын	Декандар, кафедра меңгерушілері	Мектеп, арнайы колледж түлектерінің жеке бағдарларына және еңбек нарығының сұранысына негізделген кәсіптік бағдарлау жұмысының жаңа моделін енгізу
23	Бітіруші курс студенттерін оқушылар үшін практикалық сабақтар өткізуге жұмылдыру	Жыл сайын	Кафедра меңгерушілері, ОӘБ практика бойынша маман	БІнтасы жоғары талапкерді дайындау
24	Жоғары спорттық жетістіктері бар студент-спортшыларға академиялық гранттар беру және оқу жеңілдіктерін ұсыну	Жыл сайын	Қабылдау комиссиясы, декандар	Сапалы талапкерді тарту
<b>Дайындық сапасының мониторингі</b>				
25	Оқыған мамандығы бойынша түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізу Диплом алғаннан кейін түлектерді 3 жыл бойы сүйемелдеу	Жарты жылда 1 рет	ОӘБ жұмысқа орналастыру жөніндегі маман, декандар, эдвайзерлер	Жұмысқа орналасу туралы ақпарат ББ сапасының көрсеткіші ретінде
26	Білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасына жұмыс берушілердің қанағаттануына мониторинг жүргізу	Жыл сайын	ӘМК (ВВК)	БББ-ның сапасы туралы ақпарат
27	Түлектердің алған білім сапасына қанағаттануына мониторинг жүргізу	Жыл сайын	ӘМК (ВВК)	БББ-ның сапасы туралы ақпарат
28	Білім алушылардың оқыту сапасына қанағаттану деңгейіне мониторинг жүргізу	Тұрақты	ӘМК (ВВК)	Оқыту сапасы және пәндер мен модульдерге сұраныс туралы ақпарат
29	Білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеуден өтуі	5 жылда 1 рет	Академия басшылығы	БББ сапасы мен беделінің кепілдігі



## Түлектің құзыреттілік моделі

1	<b>Білім беру бағдарламасы</b>	6B01403 – Бейімдік дене шынықтыру және спорт
2	<b>Білім деңгейі</b>	Ұлттық біліктілік шеңбері - 6
		Еуропалық біліктілік шеңбері - 6
3	<b>Берілетін дәреже</b>	Бакалавр
4	<b>Біліктілік</b>	Дене шынықтыру мұғалімі
5	<b>Қосымша біліктіліктер</b>	Бейімдік дене шынықтыру және спорт маманы
6	<b>Түлектің жалпы сипаттамасы</b>	<p>Оқу барысында түлек бейімдік дене шынықтыру және бейімдік спорт саласындағы көпсалалы білімді қамтитын, түлектің ұзақ мерзімді мансаптық қауіпсіздігін, жоғары табыс әлеуеті мен жұмыс орнын қамтамасыз ете алатын дағдыларды игереді.</p> <p>Ол денсаулығында ауытқуы бар адамдар үшін дене шынықтыру сабақтарын өткізеді: ағзаны оңалтудың жеке бағдарламаларын әзірлейді; аурудан немесе жарақаттан кейін толық немесе адам ағзасының ішінара жоғалған қызметтерін (сөйлеу, жүру және т.б.) дамытады, қалпына келтіреді; мүгедек спортшыларды Параолимпиадалық, Сурдоолимпиадалық және арнайы Олимпиадалық қозғалыстарға қатысуға дайындайды; бейімдік спорт түрлері бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізеді.</p>
7	<b>Кәсіби қызмет салалары</b>	Спорт
		Білім беру
		Денсаулық сақтау
		Туризм
8	<b>Кәсіби қызмет объектілері</b>	<b>Спорт:</b> спорттық клубтар, фитнес клубтар, федерациялар, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, ОДО-ры, мүгедек спортшыларға арналған спорт орталықтары.
		<b>Білім беру:</b> жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі білім беретін оқу орындары (МДБО), қосымша білім беретін оқу орындары, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған мектептер, жеке даму орталықтары.
		<b>Денсаулық сақтау:</b> дене шынықтыру-сауықтыру және оңалту орталықтары, емдеу-алдын алу ұйымдары, санаторийлер, демалыс үйлері.
		<b>Туризм:</b> туристік клубтар, туристік базалар.
9	<b>Кәсіби қызмет түрлері (кәсіп)</b>	Бейімдік дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және әдіскері
		Бейімдік спорт бойынша жаттықтырушы
		Тьютор
		Денсаулық сақтау саласындағы бейімдік дене шынықтыру маманы.
10	<b>Негізгі құзыреттер</b>	- кәсіби қызметте жаратылыстану пәндерінің негізгі заңдарын; математикалық талдау мен модельдеу, теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін қолданады.

		<p>-психологиялық-педагогикалық және әлеуметтанулық ғылым мен озық практиканың жетістіктері тұрғысынан бейімдік дене шынықтырудың қандай да бір түрімен айналысу барысында денсаулық күйінде ауытқуы бар адамдардың ұжымдық және жеке ерекшеліктерін зерделей алады, алынған ақпаратты сабақтарды жоспарлау мен құру кезінде пайдалана алады.</p> <p>- денсаулық күйінде ауытқуы бар адамдардың психикалық және дене қасиеттерін олардың қызметтерін аурулардың этиологиясы мен патогенезін өрістетудің сезімтал кезеңдерін ескере отырып дамытуға ықпал ете алады.</p> <p>- белгілі бір аурудың және (немесе) жарақаттың салдарынан біржола жоғалған қызметтерді ішінара немесе толық ауыстыру мақсатында аурудан немесе жарақаттан кейінгі адам ағзасының қызметтерін дамыта алады.</p> <p>- сауықтыру мен дамытудың жеке бағдарламаларын әзірлеу мен енгізу мақсатында білім алушылардың денелік және функционалдық күйін бағалауға қабілетті.</p> <p>- денсаулық күйінде ауытқуы бар оқушыларды бейімдік дене шынықтырудың бөлінетін түрлеріне сәйкес дене бітіміне әсер ету кезінде оларды ұтымды қолдану туралы арнайы білім мен тәсілдерді меңгеруге үйрету.</p> <p>-бейімдік дене шынықтыру саласында нақты дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарының ағымдағы, келешекті және жедел жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуді біледі.</p>
11	<b>Ықтимал бағыттар</b>	Паралимпиадалық спорттағы психолог, бұқаралық-спорттық іс-шаралар менеджері, дене шынықтыру мұғалімі, ООО мен ЖОО-дары оқытушысы.

### **Тәуекелдерді басқару:**

БББ іске асыру процесі ықтимал тәуекелдер мен оларды басқару рәсімдерін есепке алу қажеттілігін анықтайды.

Тәуекелдер білім беру қызметінің өзіндік ерекшеліктерінен туындайды, бұл бағдарлама толық аяқталғанға дейін және түлекке тиісті дәреже берілгенге дейін сапаны бағалау мүмкін естігінде көрінеді. Сондай-ақ, ақшалай өлшемдегі білім беру сапасы және т.б. бұл белгілі бір жағдайларда нақты міндеттер қоя отырып, тәуекелдерді басқарудың әртүрлі әдістері мен әдістерін әзірлеуді қамтиды.

Тәуекелдерді талдау олардың маңыздылығын түсінуге және профилактикалық шешімдер қабылдауға дайын болуға бағытталған. Мүмкін болатын шешімдер білім беру бағдарламаларына басшылық ету шеңберінде, дайындық бағыты бойынша ББ академиялық комитетінің отырыстарында неғұрлым тиімді әдістерді іздеу арқылы қаралады.

### **Ықтимал тәуекелдер:**

- талапкерлерді қабылдау жеткіліксіздігі;
- сыртқы күтпеген факторлардың әсерінен нарық жағдайының күрт өзгеруі;
- білім беру қызметтері құнының өсуі;

- гранттық қаржыландырудың жеткіліксіздігі (мемлекеттік тапсырысты қысқарту);
- талапкерлердің біліктілігінің төмен бастапқы деңгейі;
- жоғары білікті педагог кадрлардың жетіспеушілігі;
- автоматтандырылған жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігі мәселелері;
- жеке бағдарламалар бойынша жоғары бәсекелестік;
- шетелдік жоғары оқу орындарымен салыстырғанда тілдік құзыреттердің жеткіліксіздігі және білім беру қызметтері құнының айырмашылығы салдарынан академиялық ұтқырлықты шектеу;
- шетелдік ғалымдарды шақырған кезде қаржылық мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі.

### Ықтимал тәуекелдердің алдын алу жөніндегі іс-шаралар

№	Тәуекелдердің атауы	Тәуекел ықтималдығы	Ықтималдылық салдары	Ескерту бойынша шаралар
1	Талапкерлерді қабылдау жеткіліксіздігі	төмен	Бюджетті қысқарту, штат	Атаулы кәсіптік бағдар беру жұмысы Жаңа БББ-ға Маркетинг Жұмыс берушілердің тапсырысы бойынша кадрлар даярлау
2	Білім беру қызметтері құнының өсуі	төмен	Студенттердің төлем қабілеттілігінің төмендеуі, білім беру қызметтері үшін төлем бойынша берешектердің өсуі.	Қабылдау комиссиясының сатысында төлем қабілеттілігін бағалауды енгізу және шартпен бекіту. Оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер жүйесін енгізу
3	Талапкерлер құзыретінің төмен бастапқы деңгейі	төмен	Студенттің академиялық даму қарқынын төмендету, сәйкесінше жоғары емес нәтижелермен ББ дамыту.	Үлгерім көрсеткіштері жоғары талапкерлерді іріктеу. Жоғары баллдары бар талапкерлерге түсу кезінде жеңілдіктер қарастырылсын ҰБТ
4	Біліктілігі жоғары педагог кадрлардың жетіспеушілігі	төмен	Маман даярлау сапасының төмендеуі	Докторантурада оқу арқылы ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау (академияның докторантурасында, ҚР басқа жоғары оқу орындарында, шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында нысаналы гранттар)
5	БББ арасындағы жоғары бәсекелестік	төмен	Контингенттің бір бөлігінің жоғалуы	Бағдарламаны іске асыру сапасын арттыру. ПОҚ біліктілігін арттыру. Шетелдік жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлықты іске асыру.
6	Тілдік кедергіге және шетелдік ЖОО-да оқу ақысына байланысты	орташа	Бағдарламаның тартымдылығын және мамандарды даярлау сапасын	Академияның қолдауымен Шет тілі курстарын ұйымдастыру. Шет тілін меңгергендерді ынталандыру жүйесі. Ана тілінде



	академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерінің төмендеуі.		төмендету.	сөйлейтіндерді оқытуға тарту. Айырбастау бағдарламаларын дамыту.
7	Шетелдік ғалымдарды шақыру үшін қаржылық мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі	орташа	Маман даярлау сапасының төмендеуі	Серіктес жоғары оқу орындарымен алмасу бағдарламаларын кеңейту. Шетелдік ғалымдарды оқытуда қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану.
8	Қабылдау кезінде алдыңғы білім беру БББ бойынша сәйкестік жүйесін енгізу бөлігі бойынша қабылдаудың үлгілік қағидаларына түзетулер енгізу	орташа	Оқуға түсушілер санының азаюы	Шетелдік талапкерлерді тарту. Қосдипломды бірлескен білім беру бағдарламаларын дамыту.

**\*Тәуекел ықтималдығы шкаласы**

<b>Тәуекел ықтималдығын бағалау</b>	<b>Уақыт диапазонындағы бағалауды түсіндіру</b>
Төмен	Оқиға 4 жылда бір реттен кем емес деңгейде танылады
Орташа	Оқиға 3 жыл ішінде бір рет көрінуі мүмкін
Жоғары	Оқиға 2 жыл ішінде болуы мүмкін
Өте жоғары	Оқиға ағымдағы жылы болуы мүмкін